Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района



# Міржақып деген есімі қайта жаңғырған

**(Міржақып Дулатовтың 140 жылдығы)**

Әулиекөл, 2025



Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района

# Міржақып деген есімі қайта жаңғырған

(Міржақып Дулатовтың 140 жылдығы)

Әулиекөл, 2025

ББК 91.9:78
М 94

**Құрастырушы/ Составитель** Сакауова Алия Бахитжановна

**Шығарылымға жауапты/ Ответственный за выпуск** Досалина Ж. М. – ӘББ жетекшісі / руководитель МБО

**Қазақ тіліне аударған/ перевод на казахский язык** Мукушова А. К.

**Редактор** Серкебаева С. Ж. – Директор Аулиекольской ЦБС

«Міржақып деген есімі қайта жаңғырған» : әдістемелік құрал [Мәтін] / Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ ; құраст.: А. Б. Сакауова ; редактор С. Ж. Серкебаева. – Әулиекөл. – 2025. – 44 б.

Қазақ жастарының санасын оятып, оқуға және еңбекке шақырған қазақ зиялыларының бірі Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған әдістемелік құралда тарих пен әдебиетте жарқын із қалдырып, қиын өмірлік және шығармашылық жол өткен автордың шығармаларының тізімі, оның өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар, пайдаланылған дереккөздер тізімі еніп отыр.

ББК 91.9:78
М 94
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» мемлекеттік мекемесі

# Кіріспе

Сіздерге Міржақып Дулатовтың 140-жылдығына арналған әдістемелік құрал ұсынамыз. Ол қазақ жастарының санасын оятып, оқуға және еңбекке шақырған қазақ зиялыларының көшбасшыларының бірі. Тарих пен әдебиетте жарқын із қалдырып, қиын өмірлік және шығармашылық жол өтті.

Нұсқаулықтың мақсаты – кітапханамыздағы барлық материалдарды жинау, пайдаланушыларды жазушының шығармашылығымен таныстыру. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру.

Қазіргі қазақ жастары ана тілімен тіл табыса алмайды. Олар әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, халық тарихын білмейді, қазақ тілінде мүлдем оқымайды. Осыған байланысты, біздің жастарымыз өз халқы туралы көбірек оқып, білуі үшін белгілі қазақ қайраткерлерінің өмірі, тілі мен тарихы, халықтың керемет дәстүрлері туралы мақалаларды орыс тілінде аударып, жариялау жақсы болар еді. Бұл өз кезегінде ұлттық сананың оянуына және ана тіліне деген қызығушылыққа ықпал етеді.

Осы құралды жасау кезінде Әулиекөл ОКЖ қорларының материалдары пайдаланылды.

Оқу құралының құрылымында кең өмірбаяндық материалдар, автордың шығармаларының тізімі, оның өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар, пайдаланылған дереккөздер тізімі бар.

## М. Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы



**ХХ ғасыр басындағы әдебиетте азаттық идеясын жырлауда біраз ақындар көзге түсті. Әрине, олардың ішіндегі орны бөлегі М. Дулатов. Ол ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды өз шығармаларында айқын танытып, қажетті ойды ашып айта білді. Міржақып Дулатов тек әдеби-шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын өшпес із қалдырған тұтас тұлға, ұлы санаткер, ірі қоғамдық-саяси қайраткер ретінде де танылды. Сан қырлы дарын иесінің мол мұрасының ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек-ақ. Әдебиетке өзінің тұңғыш туындысымен «Оян, қазақ!» деп ұрандата келіп, қазақ поэзиясына өршіл сарын, тіліп түсер өткір сөз, ойлы пікір әкелді.**

Азырақ құлағын сал, ақын інім,
Ойымыз, рухымыз жақын, інім.
«Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын», - деп ақыл, інім!

«Өзімді ағаңмын», - деп үлкейтемін,
Онымды көремісің мақұл, інім.
Адасқан ағаңыздың жері болса,
Тілеймін ете гөр деп ғапу, інім.

Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың,
Күресте кім кетпейді ғапыл, інім.
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы пақыр, інім.

Доңыздай талғамай жеп семіргендер,
Саналып ақылдағы жатыр, інім.
Сүйікті миллəтіңе болам десең,
Нашардың көбірек же хақын, інім.

Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып момындарға ақыр, інім.
Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп, жоқты сөйлеп лапыр, інім.

Қолыңнан мұның бірі келмес болса,
Кісімсіп ең болмаса қақыр, інім.
Сөзіңді тыңдатайын десең жұртқа,
Ет асып табақ-табақ шақыр, інім.

Ауызымен орақ орып, бəрін де етер,
Қымызды шара-шара сапыр, інім.
Етпенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім,
Ақылың Аплатондай болса-дағы,
Қымыз бен еті жоқ құр татыр, білім.

А. Байтұрсынұлы

«Оян, қазақ!» деп Алаштың ұранын жырлап өткен Міржақып Дулатов қазақ ғылымына орасан үлес қосып кеткен тұлға.

*Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,*
*Өткізбей қараңғыда бекер жасты.*
*Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,*
*Қазағым, енді жату жарамас-ты.*

Міржақып Дулатов 1885 жылы 21 қарашада Торғайдың Қызбел деген жерінде дүниеге келген. Екі жасында анасынан, он екі жасында әкесінен айырылып, Асқар ағасының қолында өскен. Алғашында ауыл молдасынан хат танып, кейіннен Торғайдағы Ы. Алтынсариннның ықпалымен ашылған 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған.

1902-1904 жж. ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытады.

1904 ж. Омбы қалада А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхановпен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қалаларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу М. Дулатовтың саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді.

М. Дулатов 1905 ж. 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды.

1905-1907 жж. Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ берген.

1906 ж. Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілігеді.

1907 ж. Санкт-Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде М. Дулатовтың «Жастарға» деген өлеңі басылады.

Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. «Шарк» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітап әсері үлкен болды. Ауыл арасында қолдан-қолға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленген. М. Дулатов Қызылжарда сот кеңсесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырады, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді.

1910 ж. Қазандағы Каримовтер баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрады.

1911 ж. қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады. Құпия полиция тыңшыларының қатты аңдуына алынған.

1911 ж. маусым айының жетісі күні Семей қаласына келгенде ол түскен М. Малдыбаевтың үйіне тінту жүргізіліп, тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады.

1912 ж. Орынборға келеді. Осындағы қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру мақсатымен баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады.

1913-1918 жж. «Қазақ» газетінің бас редакторы А. Байтұрсынұлының орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болады. Сол кезеңде М. Дулатовтың «Азамат» (1913), «Бақытсыз Жамал» (екінші рет, 1914), «Терме» (1915) кітаптары жарық көрді.

1917 жылдың 25 ақпанында Торғай губернаторы М. Эверсман, Ә. Бөкейхановтың ұсынуымен М. Дулатовқа және дәрігер Ә. Алдияровқа арнайы куәлік беріп, оларды Минск маңы мен Баранович қаласында тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. М. Дулатов Минскіде Ә. Бөкейханов ұйымдастырған «Еркін Дала» (1917) атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласады.



*А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов*

М. Дулатов Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 ж. Орынборда өткен 1 және 2 жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш»

партиясының бағдарламасын жазған. 1917 ж. Қызылжарда сот мекемелерінде, 1918-1920 жж. Ташкент қаласында Түркістан Республикасының «Ақ жол» газетінде қызмет атқарған.

1922 ж. Алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан босатылды.

1922 ж. 9 наурызда Семей қаласында қазақ зиялылары бас қосып, ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды елге шығарып, шаруасы күйлі азаматтардан жылу ретінде мал жию керек деген байламға тоқтайды. М. Дулатов пен Ж. Аймауытов осы іске басшылық жасап, 2-3 айда 15 мың бас ірі қара жиып, ашыққан елді мекендерге жібереді.

1922-1926 жж. Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылорда мерзімді баспасөз орындарында қызмет істеген.

1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынады.

1930 ж. ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады. Беломор-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск станциядағы лагерьде «жазасын» өтейді.




*Ленинград облысы, Медвежья гора қаласындағы лагерьде болған бір топ «ақтандақ» құрбандары. Соңғы қатарда түрегеп тұрғандардың (оңнан солға қарай) 5-сі Міржақып Дулатов, 6-сы Мырзағазы Есполов. 1934.*

1935 ж. 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады.

Сүйегі 1992 ж. 1-18 қыркүйек аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді.

## М. Дулатовтың әдеби шығармашылығы

Міржақып Дулатов – көрнекті саясаткер. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерді көтереді. Шығармалары зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндейді. «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» мақаласынан бастап барлық шығармалары осы мақсатты ғана көздейді. М. Дулатов XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінде бостандық, азаттық, теңдік тақырыптарын оқу, өнер, білім, өркениет мәселелерімен байланысты қозғаған. «Оян, қазақ!» жинағында барша шығармалар отарлық қанауға ұшыраған қазақ халқы басындағы келелі мәселелерді қозғап, оны күреске шақырды. «Терме», «Азамат» жинақтарындағы өлеңдерінде Қазақ еліне бостандық аңсаған ойларын жалғастырады. Қазақ прозасы тарихында орны бар «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қыздарының басындағы ауыр жай-күйді, қазақ даласына ене бастаған жаңа қатынастарды суреттеді. М. Дулатовтың шығармаларының үлкен саласы – журналистика. Ол «Айқап» журналынан «Еңбекші қазаққа» дейінгі аралықтағы баспасөз ұйымдарының қызметіне белсене араласады. Әсіресе, М. Дулатов негізін қалаушылардың бірі болған «Қазақ» газеті Қазақстанда өтіп жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық, оқу-ағарту, өнер-білім салаларындағы әрекеттердің көш басында тұрды. М. Дулатов 1916 жылғы маусым жарлығынан соң Ресей үкіметі мен қазақ халқы бетпе-бет келген қиын күндерде де аса күрделі саяси мәселелердің ушығып кетпеуі үшін күресті. Ол қазақстанның аса көрнекті қоғам қайраткерлері жайында очерк, әңгіме, портрет, тарихи дерекнамаларын орыс, татар басылымдарында да жариялады. Оларды өзге халықтарға танытуға күш салды. «Абай», «Хан Абылай», «Қазақ ақыны», «Қазірет Сұлтан», «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов» тағы басқалар іргелі зерттеу мақалаларын жазды.

М. Дулатовтың ағартушылық қызметі ауылда бала оқытудан басталады. Оқу-педагогтік қызмет – өмір бойы қаламгердің айрықша көңіл аударған, қолы босаған сәтті ықыласпен айналысқан жұмыстарының бірі. Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық еткен жылдары М. Дулатов осы саланың өзекті мәселелері туралы өткір мақалалар жазады, жаңа шаңырақ көтеріп жатқан оқу орындарына арнап оқу құралдарын шығарады («Есіп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына». Орынбор, 1914 ; 1928 жылға дейін 9 рет басылған ; 1927 жылы қырғыз тіліне аударылған ; «Есеп құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын» ; 8 рет басылған, 1920 ; «Қирағат кітабы» 1924).

## М. Дулатовтың шығармалары:


1. Дулатов М. Бақытсыз Жамал : роман / М. Дулатов ; Қыз көрелік : роман / Т. Жомартбаев ; Ақбілек : роман / Ж. Аймауытов / М. Дулатов. – Алматы : Жазушы, 2009. – 319, [1] б. – (Қазақтың 100 романы).
2. Дулатов М. Бақытсыз Жамал : Роман. Әңгімелер. Өлеңдер / М. Дулатов. – Астана : Фолиант, 2024. – 204 б. – (Сөз маржан).
3. Дулатов М. Оян, қазақ! : роман, өлең-жырлар, әңгімелер / М. Дулатов ; құраст. Н. Ақбай. – Алматы : Атамұра, 2003. – 190, [2] б. – (Атамұра кітапханасы).
4. Дулатов М. Шығармалары / М. Дулатов. – Алматы : Ана тілі, 2010. – 398, [2] б. – (Мерейтойлық әдебиет).
5. Дулатұлы М. Алашым, ардағым! / М. Дулатұлы ; құраст. және ред. А. Ментебаева. – Алматы : «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2012. – 182 б. – (Қазақ әдебиетінің шеберлері).
6. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 1 т : Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 396, [2] б. – (Алаш мұрасы).
7. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 2 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 390, [2] б. – (Алаш мұрасы).

8. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 3 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 398, [2] б. – (Алаш мұрасы)

9. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 4 т : Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 342, [2] б. – (Алаш мұрасы).

10. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 5 т : Аудармалар, құжаттар мен деректер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2013. – 501, [3] б. – (Алаш мұрасы).

11. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 6 т : Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер / М. Дулатұлы ; құраст. : Е. Сатыдалбиев, В. Галиев, Т. Жұртбаев, М. Әпсеметов. – Алматы : Мектеп, 2013. – 470, [2] б. – (Алаш мұрасы).

12. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 т : Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2003. – 366 б. – (Алаш мұрасы).

13. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2003. – 390 б. – (Алаш мұрасы).

14. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 т : Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2003. – 398 б. – (Алаш мұрасы).

15. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 т : Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары / М. Дулатұлы. – Алматы : Мектеп, 2003. – 342 б. – (Алаш мұрасы).

16. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 10 томдық. 6 т. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920-2000 жылдар) / құраст. С. Қалиев, К. Аюбай. – [Алматы] : [Сөздік-Словарь], [2009] – 396, [4] б.

17. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы: он томдық. 10 т. Түркі халықтарының тарихи ойы / құраст. ғыл. ред. Р.Қ. Нұрмағамбетова. – Астана : Фолиант, 2006. – 391, [1] б. – (Мәдени мұра).

18. Ұлт рухы : [қанатты сөздер] / құраст. Е. Зәңгіров. – Алматы : Arna - b, 2015. – 159, [1] б.

## М. Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиет:

1. Алаш. Алашорда : энциклопедия / [Құраст. : Ғ. Әнес, С. Смағұлова] – Алматы : Арыс, 2009. – 536 [8] б. – (Алаш мұрасы).

2. Алаш қозғалысы = Движение Алаш : құжаттар мен материалдар жинағы. Т. 3, Кн. 2. – / ред. М. Кул-Мұхаммед. – Алматы : Ел-шежіре, 2007. – 344 б. – (Алаш мұрасы).

3. Алаш қозғалысы : балаларға арналған аңықтамалық. – Алматы : ЖК «InterBesCompany», 2017. – 151, [1] б.

4. Алаштың ардағы : елтанымдық және тілтанымдық жинақ / ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, құраст. : Е. Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек. – Астана : Руханият, 2010. – 263, [1] б.

5. Аманаты Алаштың : балаларға арналған энциклопедия. – Алматы : «Сардар» баспа үйі, 2018. – 246, [2] б.

6. Асқаров Ә. Кертолғау мен ойтолғау : Ардақты ағалар, замандастар мен құрдастар, ізетті інілер жайындағы ой-толғамдар / Асқаров Ә. – Алматы : Тоғанай Т, 2024. – 365, [2] б. : сурет.

7. Әбдиманұлы Ө. Шығамалары. 2 т. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея : монография / Ө. Әбдиманұлы – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 422 б.

8. Әлім, Қ. Міржақыптың оралуы = Возвращение Миржакипа : документальная повесть : хикаят сапарнама / Қ. Әлім ; ауд. Ахетов А. – Алматы : Мектеп, 2017. – 200 б.+ 16 бет сурет.

9. Бес арыс : естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст. Д. Әшімханов. – Алматы : Жалын, 1992. – 544 б.

10. Галиев, В. З. Ұлтты оятқан кітап : Міржақып Дулатұлы және оның «Оян, қазақ!» кітабының ізімен / В. З. Галиев. – Алматы : Мектеп, 2013. – 413, [1] б.

11. Дулатова, Г. Алаштың сөнбес жұлдыздары / Г. Дулатова. – Алматы : Мектеп, 2012. – 991, [1] с. : фото. – (Алаш мұрасы).

12. Дулатова, Г. М. Алаштың сөнбес жұлдыздары : естелік-эссе / Дулатова Г. М. - Алматы : Мектеп, 2023. – 264 б. : сурет.
13. Дулатова, Г. Шындық шырағы : естелік-эссе / Г. Дулатова. – Алматы : Мектеп, 2013. – 405, [1] б. – (Алаш мұрасы).
14. Жақанов, И. Інжу-маржан / Жақанов И. ; [жобаның авторы : М. Жолдасбеков] – Астана : Күлтегін, 2023. – 320 б.
15. Жұртбай , Т. «Ұраным-Алаш!..» : зерттеулер. 1 т. / Жұртбай Т. – Алматы : Ел-шежіре, 2008. – 472 б.
16. Ісімақова, А. Алаш әдебиеттануы [монография] / А.Ісімақова. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 278, [2] б. – (50 жыл. Қазақ энциклопедиясы).
17. Қазақ халқының тарихи тұлғалары. 2 кітап. Ұлттық қайраткерлер, ақын-жазушылар, күш алыптары, ғалымдар, суретшілер, сәулетші-архитекторлар, өнер тарландары / құраст. Ә. Көпіш. – Алматы : Өнер, 2016. – 367, [1] б.
18. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 11т. XX Ғасыр басындағы қазақ философиясы / ғыл. ред. Ә. Нысанбаев ; құраст. Т. Ғабитов, С. Е. Нұрмұратов ; сарапшы М. Сәбит ; арнайы ред. Ж. Аймұхамбетова. – Астана : Аударма, 2008. – 464 б. – (Мәдени мұра).
19. Қазақстан : ұлттық энциклопедия. 3 т. Г–Ж . – Алматы : Қазақ энциклопедиясының, 2001 . – 719 б.
20. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 10 томдық. 6 т. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920-2000 жылдар) / құраст. С. Қалиев, К. Аюбай. – [Алматы] : [Сөздік-Словарь], [2009] – 396, [4] б.
21. Қалиев С. Этнопедагогика : оқулық / Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. – 2-басылым. – Астана : Фолиант, 2010. – 397, [1] б. – (Кәсіптік білім).
22. Қойшыбаев Б. Тәуелсіздік тамырлары : зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / Б. Қойшыбаев – Алматы : Дәуір, 2022. – 612 б. : сурет.
23. Мәсімханұлы Д. Таңдамалы. Үш томдық. 1 т. Мұхтар Әуезов және Лу Шүн. Жыр-Жебе : зерттеулер / Д. Мәсімханұлы – Астана : Фолиант, 2016. – 596 б.

24. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 13 т. Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар: «Абай» энциклопедиясында жарияланған ғылыми-теориялық мақалалар / Р. Сыздықова ; жауап. ред. О. Жұмабаева. – Алматы : Ел-шежіре, 2018. – 379, [3] б.

25. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы: он томдық. 10 т. Түркі халықтарының тарихи ойы / құраст. ғыл. ред. Р. Қ. Нұрмағамбетова. – Астана : Фолиант, 2006. – 391, [1] б. – (Мәдени мұра)

## М. Дулатов туралы мақалалар:

1. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні // Қазақ. – 2015. – № 23–24. – Б. 1, 6–7.

2. Абдуллин Әмірхан. «М. Дулатов және ұлт руханияты» : [Торғай өңірінде кітапханашылардың облыстық семинары өтті] / Абдуллин Әмірхан // Қостанай таңы. – 2010. – 15 қыркүйек. – Б. 3.

3. Айқадамова Айтолқын. Жастар санасына сілкініс керек: [тәуелсіздік күні қарсаңында өткен ерекше рухани кездесу жастардың басын қосты] / Айқадамова Айтолқын ; суреттерді түсірген – Б. Көркембаев // Қостанай таңы. – 2024. – 6 желтоқсан. – Б. 19.

4. Айтса, айтатындай-ақ... : [өлеңдер ; проза] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2016. – 14 маусым. – Б. 8.

5. Алаш арыстары қалай ақталды? : [ғалым Жабайхан Әбділдинмен сұхбат : суреттер бар] / Ж. Әбділдин ; әңгімелескен Жарасбай Сүлейменов // Егемен Қазақстан. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 7.

6. Анаш Думан. Алаш әскері : [сурет бар] / Анаш Думан // Егемен Қазақстан. – 2013. – 7 мамыр. – Б. 5.

7. Анаш Думан. Қайраткерлік: [адами құндылық] / Анаш Думан // Егемен Қазақстан. – 2018. – 6 тамыз. – Б. 5.

8. Ахметбеков Байбатыр. Міржақып бабамызға ескерткіш орнатылды: [қоғам қайраткері Дулатовқа] / Ахметбеков Байбатыр // Қостанай таңы. – 2016. – 14 қыркүйек. – Б. 5.

9. Әбжанов Ханкелді. Қаһарлы 1916 жыл: Ұлы бетбұрыс қырлары мен астары / Әбжанов Ханкелді // Қостанай таңы. – 2023. – 26 мамыр. – Б. 20.

10. Әлім Қайсар. Бір арнаға тоғысқан қос тағдыр. Бір ұяда қанаттанған, бір түрмеде азаптанған Асқар мен Міржақып Дулатовтар / Әлім Қайсар // Қазақ. – 2016. – Б. 7.


БІР АРНАҒА ТОҒЫСҚАН ҚОС ТАҒДЫР

БІР ҰЯДА ҚАНАТТАНҒАН, БІР ТҮРМЕДЕ АЗАПТАНҒАН АСҚАР МЕН МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВТАР


Тобықтай түйін

Қайсар ӘЛІМ, жазушы, журналист

11. Әлім Қайсар. «Егемен»: қос құбылыс! : [Алаш қайраткерлері М. Дулатов пен Бейімбет Майлин туралы] / Әлім Қайсар // Егемен Қазақстан. – 2017. – 23 қараша. – Б. 3.

12. Әлім Қайсар.  Қазағын оятып, ойлантқан! : [Алаш қайраткерінің жер, дін, діл, жалпы хал-ахуал хақындағы ойларының өміршеңдігі туралы] / Әлім Қайсар // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 қараша. – Б. 12.

13. Әлім Қайсар. Қаралы қарбалас : (Күнделіктен үзінді) / Әлім Қайсар // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 қараша. – Б. 23.

14. Әлім Қайсар. «Ленині бар» Қызбелдің мектебі / Әлім Қайсар // Қостанай таңы. – 2022. – 1 маусым. – Б. 7.

15. Әлім Қайсар. Парыз бен қарыз: Міржақып Дулатов – 125 / Әлім Қайсар // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 ақпан. – Б. 5.

16. Әлімақын Дүйсенәлі.  Міржақыптың беймәлім суреті : [ақын М. Дулатовтың суреті] / Әлімақын Дүйсенәлі // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 1 наурыз. – Б. 13.

22. Дулатов Міржақып. Баспасөзіміз не күйде? : [автордың 1923 ж. бүркеншік атпен жарияланған мақаласы] / Дулатов Міржақып ; дайындаған Ұларбек Нұрғалымұлы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 27 қараша. – Б. 8.
23. Есенжол Азамат. Міржақыптың тайжақысы : [Астанадағы Ұлттық музейде орналасқан] / Есенжол Азамат // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 10 қаңтар. – Б. 10.
24. Ескендір Қанат. Дулатовтар мұрасы : осы тақырыпты насихаттағаны үшін қаламгер Қайсар Әлімге «Ұлт мақтанышы» медалі табысталды / Ескендір Қанат // Егемен Қазақстан. – 2015. – 4 желтоқсан. – Б. 12.
25. Жақып Қалқаман. Алаш және тәуелсіздік рухы / Жақып Қалқаман // Қостанай таңы. – 2022. – 1 наурыз. – Б. 6.
26. Жақып Қалқаман. Алаш және тәуелсіздік рухы / Жақып Қалқаман // Костанай-АГРО. – 2022. – 1 қыркүйек. – Б. 16.
27. Жахаң мүсіні орнатылды : [Жангелдин ауданының Қызбел ауылында Алаштың көрнекті қайраткері Мыржақып Дулатовтың бюсті бой көтерді] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2021. – 14 шілде. – Б. 3.
28. Жүгенбаева Гүлбану. Кеңестік билік тарихнамасындағы ұлттар қасіреті: [Қазақстан Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне» орай жариялаған Үндеуі] / Жүгенбаева Гүлбануи ; суретті түсірген Ерлан Омар, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 29 қазан. – Б. 15.
29. Жүнісұлы Мұрат. Ақындар думанға бөледі : [студенттер арасында өткізілген айтыс] / Жүнісұлы Мұрат // Қостанай таңы. – 2015.–18 қараша. – Б. 12.
30. Жүнісұлы Мұрат. Аудан музейі – Арқалықта : [көрме туралы] / Жүнісұлы Мұрат ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2020. – 25 ақпан. – Б. 8.
31. Исмаилова Айнагүл. Отаншылдық қасиетті шыңдау: Бүгінгі күннің басты мақсаты – балаларды кітап мәдениетіне баулу / Исмаилова Айнагүл // Әулиекөл. – 2020. – 19 қараша. – Б. 5.

32. Исмаилова Айнагүл. Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры биіктесін: [орта мектепте іс-шаралар өткізілді] / Исмаилова Айнагүл // Әулиекөл. – 2015. – 24 желтоқсан. – Б. 5.

33. Көкірегі алтын Көмбе еді : [Міржақыпқызы Гүлнар әкесі туралы] / дайындаған Қызжібек Әбдіғаниқызы // Қазақ. – 2015. – № 4. – Б. 5.

34. Қадырменова Әсемгүл. Тағылымы мол тарихи құжаттар / Қадырменова Әсемгүл // Қостанай таңы. – 2021. – 2 наурыз. – Б. 6.



# Тағылымы мол тарихи құжаттар

Қазіргі таңда Қостанай облысының мемлекеттік архивінде кеңес дәуіріне дейінгі құжаттар аса құнды болып саналады. Аймағымыздың саяси, әлеуметтік және мәдени салаларын бейнелейтін құжаттар 1917 жылдан басталады, ал XV–XIX ғасырлардағы тарихи құжаттар жоқтың қасы. Сондықтан қазіргі таңда архив саласы мамандарының басты мақсаттарының бірі – аймағымызға қатысты тарихи құжаттарды шетел мемлекеттерінен әкеліп, архив қорын толықтыру, сонымен бірге зерттеушілер мен оқырмандардың сұранысын қанағаттандыру.

Қостанай облысының архив қызметі шетел архивтеріне қызметтік келісім жұмыстарын 1999 жылдан бастап қолға алған еді. Содан бері қарай Ресей Федерациясының Омск, Челябинск қалаларымен, Татарстан республикасымен хат алмасып, біршама құжаттар елімізге алынды. Көршілес Челябі қаласымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатылған. Өйткені, Қостанай өңірінің тарихы бойынша 1919-1920 жылдардағы құжаттардың басым бөлігі Челябі облысының біріктірілген архивінде сақтаулы. Қазіргі кезде Қостанай облысының мемлекеттік архивінде Челябі архивінен алынған құжаттардың көшірмелері сақтаулы тұр. Мысалға, 1901-1914, 1918-1920 жылдардағы Торғай облысына қоныс аударғандар туралы ақпараттар, Қостанай уезінің картасы, Челябі революциялық комитеті отырыстарының хаттамалар, 1919 жылғы Қостанай уездік милиция қызметі туралы хаттамалар, Қостанай уезінің шекарасын бөлу туралы мәліметтер, болыстар тізімі, уезд және қалалық ұйымдардың қызметі және тағы да басқа құнды құжаттар алынды. Сонымен қатар, архившілердің Челябі қаласына іс-сапары барысында Қостанай уезінің төңкеріске дейінгі және Кеңес билігінің алғашқы жылдарындағы құжаттардың көшірмелері елге әкелінді. Николай соборы және әйелдер монастырының тізімі, 1898 жылғы Қостанай жеріне қоныс аударғандар туралы ақпараттар, 1920 жылы уездің Челябі губерниясынан бөлініп шығу процессі, Қостанай уезі билігінің бұйрықтары мен хат алмасулары, 1910-1914 жылғы уезд карталары және тағы да басқа құжаттар ғылыми айналымға түсіп, архившілер мен тарихшылардың еңбегіне арқау болып келеді.

2004 жылы облысымыздың архив қызметінің мамандары Қазақстан Республикасының Орталық архивінен Торғай облысы, Қостанай уезіне қатысты құжаттар тапты. 1877 жылғы 15 қыркүйектегі қала қонысы үшін жер бөлу туралы Орынбор генерал-губернаторының хаты, 1881 жылғы 18 тамызбен белгіленген құжатта қала қонысына үйлер салу құрылысы, 1886 жылғы 20 сәуірдегі жәрмеңке ашу туралы Ішкі істер министрлігінің циркуляры және тағы да басқа құнды құжаттар таптырмас құнды дерек болып саналады. Архив мекемесінің қор құрастырушылары да Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының құжаттарын толықтыруда өз үлестерін қосуда. Мысалға алатын болсақ, қор құрастырушы Рубинштейн Б. И кезінде Ресей мемлекетінің орталық мемлекеттік тарихи архивінен алынған мынадай құжаттарды тапсырды. Олардың қатарына Қостанай қаласының карталары, 1914 жылғы «Кустанайское степное хозяйство» газетінің басылып шығуына рұқсатнама, 1910 жылғы «Степные отголоски» газеті, Троицк-Костанай желісінің құрылысы және т. б. құжаттардың көшірмелері жатады.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Президенті архивінен Қостанай облысының басшылары туралы бірнеше құжаттардың көшірмелері облыстық архивке алынды. 1936-1942 жылдардағы ҚКП Орталық Комитетінің қорынан Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы Б.Байдақов, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Д.Керімбаевтың, ҚКП Қостанай облыстық комитетінің бірінші хатшысы А.М.Бородиннің жеке істері – құжаттарды пайдалану және жариялауда аса маңызды дереккөздің бірі болып саналады.

Татарстан Республикасының мемлекеттік архивінен әкелінген ағартушы, педагог Ы.Алтынсариннің қызметі жайлы құжаттар, соның ішінде Ильминскийдің Алтынсарин туралы естеліктері, «Қырғыз хрестоматиясы» қолжазбасын басып шығару туралы өтініш хаттары сұранысқа ие аса құнды құжаттар қатарына жатады. Сонымен қатар, қазақ халқынан шыққан алғашқы дәрігер Қарабаев туралы ақпараттармен де танысуларыңызға болады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан кейін шетел мемлекеттеріндегі құжаттарды елге әкелу, өткенімізді өшіріп алмауымызға мүмкіндік беріп, еліміздің архив қызметіне, архив құжаттарына деген жаңа көзқарасты қалыптастырды. 2019 жылы республикалық комиссия мүшесінің қатарында Қостанай өңірінің архив ісі мамандары да қосылды. Олардың Қазан қаласына іс-сапармен барып, біраз құнды деректермен танысты. Қазан қаласы – Ресей империясының ірі мәдени және өндіріс орны. Осы жерде қазақ зиялыларының көбі білім нәрімен сусындады. Татарстан астанасының архивтері мен кітапханаларында еліміздің тарихына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты өте көп мөлшерде құжат деректері, кітаптар, журналдар, газеттер сақталған. 2003-2006 жылдары «Тарих толқынында» бағдарламасы бойынша ізденіс жұмыстары басталған еді. Дегенмен осы жолғы іс-сапарда Татарстан Республикасының мемлекеттік архиві және Қазан Университетінің Лобачевский атындағы кітапхананың қорларынан табылған құжаттардың маңызы зор.

1789 жылы белгіленген Екатерина Екінші ханшайымы Қырғыз-қайсақ ордасының байұлы руына азаматтық борыштарына адалдығы үшін берген алғысхаты, 1771 жылғы 17 қаңтарда белгіленген Екатерина Екінші ханшайымының Нұралы ханға наразылық шерулерінің алдын алу туралы ескерту хаты, 1829 жылғы 29 мамыр айындағы Оренбург генерал-губернаторының Сұлтан Жантөре Жәңгіровке алғыс хаты және тағы да басқа құжаттар тарихты зерттеп, зерделеуде өте маңызды қызмет атқаратыны анық. Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» кітапшасы, Ильминский, Катанов, Мащанов сияқты профессорладың жеке тектік құжаттары қызығушылықты арттырды. Танымал түріктанушы Николай Катановтың қорында 1891 жылы Қытай және Семиречьеге жасаған саяхаттары, сонымен қатар Урумчидегі қазақтармен кездесуі туралы есеп беруі күнделігі табылды.

Барлық жасалып жатқан жұмыстардың ең басты мақсаты – өскелең ұрпақ қазақ елінің қалыптасып, дамуында ата-бабамыздың жасаған ерлігі, білімділігі, жанкешті еңбегін бағалап, өткен тарихты ұмытпай, алтын қазына ретінде қарау керектігін түсіндіру

**Әсемгүл ҚАДЫРМЕНОВА,**
**Қостанай облысының мемлекеттік архивінің бөлім басшысы.**

35. Қайратұлы Бекен. Қазақ зиялыларының қудалануы / Қайратұлы Бекен // Егемен Қазақстан. – 2017. – 30 мамыр. – Б. 7.

36. Қамзабекұлы Дихан. «Әдебиет танытқыш» – әлемдік құндылық : [ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Ташкентте басылған оқу құралы] / Қамзабекұлы Дихан // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 17 қаңтар. – Б. 9.

37. Қасым Азамат. Семей. Тұлғалар тұрған тарихи ғимараттар / Қасым Азамат ; суретті түсірген автор // Егемен Қазақстан. – 2017. – 18 наурыз. – Б. 14.

38. Қирабаев Серік. Әбен мен Гүлнар : [жазушы Ә. Сатыбалдиевпен Алаш кайраткері М. Дулатовтың қызы Г. Дулатова туралы] : 100+100=200 / Қирабаев Серік // Егемен Қазақстан. – 2015. – 25 қараша. – Б. 11.

39. Қиысқан Қыдырбек. Алаштың айбынын асқақтатқан: [Елордада Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатұлына арналған ескеркіш ашылды] / Қиысқан Қыдырбек // Қостанай таңы. – 2021. – 9 шілде. – Б. 3.



# Алаштың айбынын асқақтатқан

Қыдырбек ҚИЫСХАН

Елордада ұлтымыздың ұлы тұлғалары – Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлына арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл туралы akorda.kz хабарлайды. Ескерткішті ашқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алаш қайраткерлерінің мемориалына гүл шоғын қойып, мәні зор шараның Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен Елорда күніне орай өткізілуінің символдық мәні зор екенін атап өтті.

– Әлихан – Алашорда үкіметін басқарған мемлекет қайраткері. Ахмет – халқымызды білім мен ғылымға жетелеп, рухани ұстаз болған әйгілі ағартушы. Міржақып – ұлт бірлігі ұранына айналған «Оян қазақ» пен тұңғыш қазақ романының авторы, көрнекті қаламгер. Үш қайраткер де – біртеғей тарихи тұлғалар. Бұл ескерткіш – барша Алаш ардақтыларына деген құрметіміздің көрінісі. «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті ұлттықтың негізін қалады. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекеттілік идеясын жаңғыртты, – деді Қ.Тоқаев.

Президент тәуелсіздіктің арқасында ұзақ жылдар бойы халық жауы атанып, қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш арыстарының еңбектері лайықты бағасын алып, олардың есімдері қайта жаңғырып жатқанына тоқталды.

Сондай-ақ, Алаш қайраткерлерінің еңбектері Алаштану ғылымының аясында жан-жақты зерттелу және арыстарымыздың еңбектерін барынша қамтуы қажеттігіне назар аударды.

40. Құлабаев Нұрқанат. Алаш арыстарының Торғайдағы музейі : [Торғайдағы ең көне ғимараттың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың әдеби музейі орналасқан үй] / Құлабаев Нұрқанат // Костанай-АГРО. – 2022. – 24 ақпан. – Б. 16.

41. Құлабай Нұрқанат. Айналайын, бидайық, жол шалғай, жетер күн қайда? : [Алаш қайраткері М. Дулатовтың туған ауылының және оның кесенесі жағдайы туралы] / Құлабай Нұрқанат // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 6 ақпан. – Б. 14.

42. Құлабай Нұрқанат. Алаш арыстарының Торғайдағы музейі : [Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың әдеби музейі] / Құлабай Нұрқанат // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 16 ақпан. – Б. 13.

43. Құлабай Нұрқанат. Міржақып кесенесінің күмбезі жаңартылды : [Алаш қайраткері М. Дулатовтың] / Құлабай Нұрқанат // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 5 ақпан. – Б. 16.



Міржақып кесенесінің күмбезі жаңартылды

Алаш қайраткерінің кесенесі кіндік қаны тамған Қызбел өңіріндегі Бидайық ауылында тұр. Кесене 1995 жылы Міржақып Дулатұлының 110 жылдығына орай, сол кезде Жангелдин ауданын басқарған Жақан Қосабаев, жергілікті серіктестіктің жетекшісі Батырбек Ахметов сынды азаматтардың күшімен тұрғызылған. Жанында шағын музей бар. Жергілікті жұрттың айтуынша, сол жылы Бидайықта ұлан-асыр той болып, оған Гүлнар апай Міржақыпқызы да келіп қатысыпты.



**Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,**
«Egemen Qazaqstan»

Кесене көпжылдар бойы жөндеу көрмей, жүдеу күйде тұрған. 2022 жылы барғанымызда күмбезінің жұлым-жұлымы шығып, қотырланып қалғанын, сыртындағы тасқабының құлап жатқанын көріп көңіл құлазып қалған-ды. Таяуда кесенеге тағы бір барып, асылдың аруағына құран бағыштап, тағзым етіп қайттық.

Бидайықтың іргесіне келіп тоқтағанымызда, кесененің күмбезі бұрынғыдай емес, аналайдан көз тартып жарқырап тұрғанын көріп, «бәрекелді, бәсе» десіп қуанысып қалдық.

Мұның мән-жайын кейін білдік, биыл жазда жұртқа жанашыр кәсіпкер Бақберген Өтеулин мен Гүлнар апайдың ұлы, баспагер Ерлан Сатыбалдиев Башқұртстаннан екі шебер алдыртып, тозған күмбездің қабығын аршытып, тазалатып, сыртын күн көзіне төзімді әрі тозбайтын аспан түстес тыспен қаптатып қойған екен.

Кесененің кіреберісіндегі оң жақ қабырғаға ілінген мәрмәр тақтаға «Міржақып Дулатұлы. 1885.25.11 – 1935.5.10. Карелиядан 1992 жылдың 18 қыркүйегінде әкелініп, қайта жерленді» деп жазылған. Кесененің ішіндегі көлденең құлыптасқа аяулы Алаш ақынының:

*«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,*
*Өткізбей қараңғыда бекер жасты.*
*Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,*
*Қазағым, енді жату жарамас-ты.*

*Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой,*
*Қатардан сол себепті қалыппыз ғой»,* –
деген өлеңі қашалған.

Кесененің ішінен күмбезінің кірпіштен өріліп көтерілгені анық көрінеді. Тік қабырғасының жоғары жағындағы екі бұрышқа, күмбездің ұшар басына қарлығаш ұя салыпты.

**Қостанай облысы,**
**Жангелдин ауданы**

44. Құлшар Бекзат. Кітап шығару ісіндегі кілтипан: [кітап шығару ісіне қатысты жаңа ережелерді талқылау] / Құлшар Бекзат // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 15 наурыз. – Б. 15.

45. Міржақып Дулатовтың жаназасын шығарған имам: Белгілі дін қайраткері Шоқан қажы Әмірхановпен сыр-сұхбат / әңгімелескен – Оразалы Жақсанов // Қостанай таңы. – 2024. – 28 маусым. – Б. 6–7.

46. Міржақыптың рухани мұрагері : қаламгер Қайсар Әлім Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2019. – 12 сәуір. – Б. 2.
